

**Дүниетану**

**Бауырымен  
жорғалаушылар**

**Сармурзина Гулбану Оналбаевна  
№ 13 орта мектеп гимназиясы  
Ақтау қаласы**

# Мақсаты

1. Оқушыларға бауырымен жорғалаушылар туралы түсінік береді.
2. Бауырымен жорғалаушылардың қазіргі медицинада алатын орны мен қазақ халқының салт – дәстүріндегі кейбір наным сенімдер туралы айтып, оқушылардың ой – өрісін, танымдылығын дамытады.
3. Маңғыстауда мекендейтін бауырымен жорғалаушылар туралы айтып, туған жер табиғатын қадірлеуге, сүйуге тәрбиелейді.



***І.Топтас-  
тыру.***



***Бауырымен  
жорғалаушылар***



## II. Мағынаны ашу


- Тасбақа, кесіртке, жылан, қолтырауын – бауырымен жорғалаушылар. Олардың екінші атауы ( рептилиялар ). Рептилия- латын тілінен аударғанда бауырымен жорғалаушы деген мағына береді. Бауырымен жорғалаушылар – салқынқанды жануарлар. Бұл олардың денелерін қыздыру үшін күн сәулесі қажет екенін білдіреді. Сондықтанда оларды өте суық жерде кездестіре алмайсың. Ауа – райы суық кезде олар көбінесе тәтті ұйқыға кетеді.



- Соның бірі – тасбақа. Тасбақаның арқасында қосымша қатты тас сияқты терісі бар, мұны ғылым тілінде “панцирь” деп атайды. Тасбақа 100 жылдан астам ғұмыр кешеді. Капитан Кук 1777 жылы әмірші Тонгаға сыйға тартқан тасбақа 1965 жылға дейін өмір сүрген. (188 жыл) Тасбақа қазір ұйқыда, ол көктемде шығады.



- Дүние жүзінде бауырымен жорғалаушылардың 6500 түрі бар. Олардың ішінде ең көбі – 3700 түрі бар кесірткелер. Кесірткелер дыбысты жақсы естиді, көздері жақсы көреді. Кейбір кесірткелер қауіп төнген кезде құйрығын бөліп тастайды да, шоршып жатқан құйрыққа жауы алданған кезде, құйрықсыз қашып кетеді. Ең үлкен кесірткенің ұзындығы – 3 метр.




Саны жағынан екінші орында 2800 түрі бар жыландар. Олардың түрі көп. Жыландар улы және қауіпті. Ол өте ұзын болады, аяқтары жоқ. Жыланның уынан дәрі жасалады. Маңғыстауда кездесетін сарыүйек жыланның емдік қасиеті бар. Оның терісінің құрамында кальций кездеседі. Ең ауыр жылан - Анакондо. Салмағы 200 кг. Ол Африкада кездеседі. Жыланнан кейбір елдерде тағам дайындалады.



- Қолтырауын – жыртқыш өте ірі, жылы жерлерді мекендейтін бауырымен жорғалаушылар. Ірі қолтырауындардың салмағы 450 килограмға дейін жетеді және 100 жастан астам өмір сүреді. Кейбіреулерінің ұзындығы 6 метрге жетеді. Олар өте жақсы жүзе алғандықтан өзендерді мекендейді. Олар жүзген кезде судың бетінде оның тұмсығы мен көзі ғана көрінеді. Олар жұмыртқаларын жақсы қорғайды.



Сырға толы өлке - Маңғыстау.  
Қолтырауын. Алып тасбақа.








1. Тасбақа неше жыл өмір сүреді?

2. Панцирь дегеніміз не?

3. Тасбақа қандай жерде мекендейді?

4. Тасбақа жауларынан қалай қорғанады?




1. Жыланның адамға қандай зияны бар?

2. Жыланның емдік қасиеттерін ата

3. Жыланның терісінен не жасалады?

4. Біздің өлкемізде жыланның қандай түрі кездеседі?



1. Ең үлкен  
кесірткенің  
ұзындығы  
қандай?

2. Кесіртке  
жауларынан қалай  
қорғанады?

3. Қызыл кітапқа  
енгізілген кесірткенің  
түрін ата

4. Кесірткенің адамға  
пайдасы қандай?

# Семантикалық карта

| <b>Бауырымен жорғалаушылар</b> | <b>Маңғыстауда мекендейді</b> | <b>Шөлде кездеседі</b> | <b>Суда мекендейді</b> | <b>Жұмыртқалайды</b> |
|--------------------------------|-------------------------------|------------------------|------------------------|----------------------|
| <b>Тасбақа</b>                 |                               |                        |                        |                      |
| <b>Жылан</b>                   |                               |                        |                        |                      |
| <b>Кесіртке</b>                |                               |                        |                        |                      |
| <b>Қолтырауын</b>              |                               |                        |                        |                      |



**Тасбақа шөбін алдық,  
Жыланнан кенін алдық.  
Кесіртке құйрығын сыйлады.  
Жұмыртқа алып екен,  
Иесін кім тапты екен?**

**Бұл біздің ғажайып қолтырауын  
Бақыттымыз, білімдіміз.**

**Үйренеміз көп нәрсе.  
Дүниетану пәні бүгін  
Қызықтырды ерекше**

